

Дәріс № 14. Халықаралық саясаттың жаһандануы.

Дәріс жоспары:

1. Жаһанданудың адамзат тарихындағы алғашқы көріністер.
2. Жаһанданудың салдарлары.
3. Халықаралық қауіпсіздіктің сарапталу негіздері мен мәселелері.

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін жаһандану ұғымының танымын жасап, халықаралық саясатпен арасындағы байланысты шеше алады. Саясаттың ұлыстануы. Халықаралықтануы, трансұлттық немесе жаһандануын түсіндіре алады. Жаһандану үдерісінде супер индивидтер, ТНК, жаһандық үкіметтік емес ұйымдар, және мемлектер арасындағы байланысты зерделей алатын білім мен қабілетке ие болады. Сонымен қатар антиглобализм, әдем азаматы, трансұлттық, халықаралық жүйе, өзара тәуелділік, ТНК, жаһандық үкіметтік емес ұйымдар, жаһандық ауыл, Вестфалия бітімі туралы мағлұмат пен қабілетке ие болады.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні: 1. Жаһанданудың адамзат тарихындағы алғашқы көріністер

Бүгінде жаһандық қоғамдастық өмірінің барлық жақтарын қамтуға бет алған жаһандану дүниежүзілік саясат пен халықаралық қатынастардың үстем факторына айналып отыр. Жаһандану қай кезде басталды, оның табиғаты қандай екендігі жайында ғалымдар мен саясатшылардың әрқилы пікірлеріне қарамастан, қазіргі заманғы тарихта бұл процесті ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай 1960 жылдардың басымен байланыстырады.

«Жаһандану» терминін алғаш рет 1983 жылы «Гарвард бизнес ревью» журналында жарияланған «Нарықтың жаһандануы» деген мақаласында Гарвард бизнес мектебінің профессоры Теодор Левитт ұсынған болатын. Осы ұғым арқылы ол «жаһандық фирмалар» деп аталған кәсіпорындардың жаңа нышандағы іс-әрекеті арқылы дүниежүзіндегі нарықтардың бірігуін атады. Оның пікірінше, жаһандану және технологиялар халықаралық қатынастарды анықтайтын басты екі факторға айналды. Сол жылы жарияланған «The Marketing Imagination» атты монографиясында Т.Левитт технологияларды «әлемді біркелікке қарай жылжуға итермелейтін қуатты күш» деп бағалады. Мұның арқасында жаңа коммерциялық шындық дүниеге келіп, барынша бірқалыпқа түскен өнімдер үшін жаһандық нарықтар пайда болады. Олардың көлемі мен ауқымын бұған дейін көзге елестету де мүмкін болмаған.

«Жаһандану» ұғымының одан кейінгі дамуы белгілі жапон зерттеушісі және басқару стратегиясы саласындағы маман, осы сөздің барынша кең таралуына себепкер болған Кеничи Омаэнің еңбектерінен көрініс тапты. Өзінің «Триада билігі» («Tried Power») деген 1985 жылы жарық көрген кітабында, ол «Триада» деп ойша жасалған үшбұрышты, яғни АҚШ, Жапония және Батыс Еуропаның өздеріне жататын жағрафиялық аймақ бойынша құрылып, 600 млн. тұтынушысы бар, жаһандық технология өнімінің 3/4 астамын тұтынатын нарықты атады. Аталған еңбегінде ол Триада елдерінде қалыптасқан жаңа нышанды қатаң бәсекелестік жағдайында өмір сүру үшін көпұлтты корпорациялар жаһандық көрегендікке ие болып, жаһандық өлшемде әрекет етуі тиіс деп көрсетті. «Жаһандану» термині 1980 жылдардың ортасынан бастап ақпарат пен коммуникация саласындағы жаңа технологиялардың күрт дамуы салдарынан капиталдың жарылыс бейнелі қозғалысы процесін, әрі қаржы, сондай-ақ биржалық нарықтардың интеграциясын бейнелеу үшін қолданыла бастады. Сонымен, 1980 жылдардың соңында «жаһандану» ұғымы экономикалық және қаржы саласына қатысты ғана айтылып келді.

XX ғасырдың соңғы он жылдығында қырғи қабақ соғыстың аяқталуына байланысты саяси процестер, орасан зор көлемдегі экологиялық қауіп-қатерлер, біртұтас ғаламшарды ортақ сезінуге әкелген экономикалық өзара тәуелділіктің артуы «жаһандану» құбылысына экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси, тарихи, жағрафиялық және мәдени сипат бере келе, оның барынша кеңеюіне алып келді.

Француз ғылыми мектебінде «жаһандану» ұғымы екі мағынаға бөлінеді: мондиализация («la mondialisation») француздың «le monde» — бейбітшілік деген сөзінен) және жаһандану («la globalisation»). Бұл арада «жаһандану» терминімен одан да кең жаһандық процесс - мондиализацияның экономикалық және қаржылық жақтарын ғана айтады.

Паскаль Лороттың редакциясымен шыққан француздың «Мондиализация сөздігі» төмендегідей анықтама береді: «Мондиализация кедергісіз ғаламшарлық дамудың сатысын білдіреді, онда бәрі де жақын, қол жетерліктей, барлығы да бір-бірімен байланыста, осының жағымды нәтижесіндей өзара тәуелділік пен ынтымақтастық арта түседі. Бұл 1970 жылдардан бастап, әсіресе, 1980 жылдары қалыптасқан біздің әлеміміздің жай-күйі. Мондиализация, көрініп тұрғанындай, интернационалданудың (елдердің және қызмет саласының бір бөлігін ғана қамтитын) соңы болып табылады, және жаһанданудан (кедергілер мен ара қашықтықтарды жоюдың үстіне ақпараттық технологиялардың көмегімен уақыт ұғымын да жоюға алып келетін) ерекшеленеді».

Әртүрлі дерек көздерін зерттеу мынаны көрсетеді: зерттеушілердің бір тобы жаһандану XX ғасырда емес, одан да ерте, Ұлы жағрафиялық ашулар дәуірімен, ал енді біреулері оны тікелей ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерімен байланыстырады.

Филип Моро Дефарж өзінің «Жаһандану» («La mondialisation») деген кітабында еуропалықтар (Христофор Колумб, Васко да Гама) жасаған Ұлы жағрафиялық ашулар жаһанданудың басталуына негіз қалады — деп жазды, — яғни бүкіл жер шарын қамтыған әртүрлі байланыстардың пайда болуына әкелді. XIX ғасырдың жетістіктері — индустриалдық революция, көліктегі революция, сондай-ақ демографиялық өзгерістер жаһандану процесін жеделтумен қатар оның кеңеюіне әсер етті. XX ғасырдағы дүнижүзілік екі соғыс жаһандық геосаяси аренаның қалыптасуын бекіте түсті. Екінші дүние-жүзілік соғыстың аяқталуынан бастап, автордың пікірі бойынша, жаһандық үш сілкініс біртұтас жаһандық кеңістікті қалыптастыруға ықпал етті, бұлар: отарлаудың жойылу процесі; сауда, қаржы және технологиялар саласында жаһандық халықаралық алмасу жүйесінің пайда болуы; бұрынғы коммунистік мемлекеттер мен «үшінші әлем» елдерінің өзін-өзі қамтамасыз ету моделінің күйреп, халықаралық экономикалық қатынастарға қосылуы. Жаһанданудың түпқазықты сипаты ретінде -қаржының, адамдардың, технологиялардың, қызмет көрсету, ақпарат және идеялар ағымының орасан зор қозғалысын атауға болады - деп тұжырымдайды автор.

Бұл құбылыстың әртүрлі аспектілерін зерттей келе, Кембридже 2000 жылы шыққан өзінің «Жаһандану дегеніміз не?» деген кітабында Ульрих Бек, «Жаһандану - соңғы жылдары барынша кең тараған, көп ретте шындықтан алшақ болса да, пікір-таластарда негізгі сөз ретінде қолданылатын сөзге айналды, және алдағы жылдары да солай бола бермек. Алайда, дәл осы сөздің мағынасы барынша аз анықталған, сондықтан көп жағдайда орынсыз қолданылатыны да рас, соған қарамастан саяси тиімді ұғым болып табылады.

У.Бектің ойынша, жаһанданудың бірқатар өлшемдерін ажырата білу қажет. Бұл орайда, олардың кез келген тізбесіне коммуникациялық технологияларды, экологияны, экономиканы, іс-қимылды ұйымдастыруды, мәдениет пен азаматтық қоғамды енгізу лазым. Автор «жаһандану» дегеніміз экономиканың, ақпараттың, экологияның, технологиялардың, мәдениетаралық жанжалдардың және азаматтық қоғамның әртүрлі өлшемдегі күнделікті іс-әрекеті үшін шекаралардың маңызы барған сайын азайып бара жатқанын білдіреді деп санайды. Ақша, технологиялар, тауарлар, ақпарат және уландырғыш заттар шекаралар жоқтай еркін «өте береді» .

Экономистердің көзқарасы тұрғысынан, жаһандану «жаһанданған» экономиканың пайда болуы, онда ұлттық экономикалар алдымен бір-бірінен ажырайды, сосын тікелей халықаралық деңгейде келісімдер мен процестер жүйесінде қайтадан бірігеді.

Бұндай жаһанданған экономикада ұлттық экономикалардың шекаралары айтарлықтай маңызға ие болмайды, және «бұл экономика өз логикасына бағынып, тәуелсіз ұлттық объектілер арасындағы экономикалық қатынастар логикасынан ерекшеленеді. Көпұлтты кәсіпорындар жергілікті тізгіннен босап, қаржының қозғалысы ұлттық санаттың шегінен шығады, және мемлекеттер өз валютасына билігінен айырылады».

Саятсатшылардың пікірі бойынша, жаһандануды жаңа «көпорталықты» әлемнің өзінің бар қуатымен қазіргі уақытта мемлекеттер билік құрып отырған әлеммен бетпе-бет келуі деп қарастыруға болады. Бұл жаңа әлем мемлекеттік емес, трансұлтты қатынастарға негізделген.

Ақырында, жағрафиялық тұрғыдан қарағанда, жаһандануды адамзаттың әртүрлі бөліктері арасындағы өзара таралу, алмасу, коммуникацияның жемісі болып табылатын кеңістіктің халықаралық деңгейде қалыптасу процесі деп түсінуге болады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ОЕСВ) жаһандану процесінде үш кезеңді атайды:

Интернациялану (XIX ғасырдың ортасынан бастап), экспорттық ағындардың дамуына сәйкес келеді;

Транснациялану (әсіресе, 1945 жылдың басынан бері), тіке инвестициялар ағынының күрт өсуі және олардың шет елдерде орналасуымен байланысты;

Жаһандану (1980 жылдардан бастап) өндірістің, қаржыландырудың және ақпараттың жаһандық торабының қалыптасуынан көрінеді.

Жаһандық экономиканың жаһандануы, оған тауарлар мен қызмет көрсетудің, қаржының, ақпарат пен технологиялар алмасудың трансшекаралық қозғалысының ырықтануы және елеулі өсуі тән болғандықтан, «ұлттық шекаралардың өшірілуіне» алып келді. Оның компоненттері - трансшекаралық өндіріс, жаһандық қаржы жүйесі, келісілген ережелер бойынша құрылған халықаралық сауда жүйесі, қалыптасып келе жатқан ақпараттық кеңістік болып табылады.

К.Омаэ өзінің көптеген қызу пікірталастар тудырған «Ұлттық мемлекеттің ақыры. Өңірлік экономиканың өркендеуі» атты кітабында, мемлекеттер тек қана айырбас бағамын бақылай алмай, әрі өз валютасын қорғай алмай отырған жоқ, сонымен бірге қазіргі жағдайда нақты экономикалық іс-қимылдарды да жүргізе алмауда, сөйтіп жаһандық экономикада басты кейіпкер болудан қалып барады деген қорытындыға келді. Өз пікірін бекіту үшін ол өзі «Төрт И» деп атаған төрт факторге қатысты тұжырымына сүйенеді.

Бірінші «И» — бұл инвестициялар — жағрафиялық шектелмеген, әрі шекаралардан өте отырып, ең тартымды деген инвестициялық мүмкіндігі бар жерге келеді. Егер бұдан он жыл бұрын, деп жазады автор, трансшекаралық қорлар ағыны үкіметтен үкіметке немесе көп жақты қаржы ұйымынан құйылса, қазіргі уақытта инвестицияларды» басым бөлігі жеке меншік болып табылғандықтан, үкіметтердің араласуына жол берілмейді.

Екінші «И» - индустрия - өз бағдарында ол да жаһандық сипатқа ие болуда. Қазіргі заманғы көп ұлтты корпорациялар мемлекеттің мүддесін басшылыққа алмайды, керісінше нарықтың тартымдылығын бірінші орынға қойып, технологиялар мен басқару ноу-хауды тасымалдауға ықпал етеді.

Инвестициялар мен индустрияның қозғалысы үшінші «И» компанияларға өздері танымал болған әр елде бизнес жүйесін құрмай-ақ, жер шарының әртүрлі бөлігінде әрекет жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялардың («information technology») көмегімен жеңілдейді.

Ең соңында, жекелеген тұтынушылар — төртінші «И» — жаһандық сұранысты қалыптастырып, шығарылған жеріне мән берместен, барынша арзан, әрі жақсы тауарларды алғысы келеді.

Осы төрт «И»-дің жедел қозғалысы, автордың пікірінше, бейімді экономикалық құрылымдарға жер шарының кез келген бөлігінде олардың дамуы үшін қажетті нәрсені» барлығын мемлекеттің араласуынсыз-ақ алуына мүмкіндік жасайды. Барлық

жаһандық нарықта төрт «И» өз бетінше әрекет ететіндіктен, мемлекеттер бұдан былай «нарықты қалыптастырушы» рөлін ойнамайды. Бұл түпкілікті өзгерістер экономикалық теңгерімділікті өзгертеді.

Егер осы төрт «И»-дің тежеусіз қозғалысы мемлекеттің делдалдық рөлін жоққа шығаратын болса, жаһандық шешімдерді қабылдауға қажетті шектеулер, автордың пікірінше, «жасанды саяси» шекараларға емес, қайта көбінесе жағрафиялық сипаты басым құрылымдарға - мәселен, Гонконгке және оған жақын жатқан Оңтүстік Қытайдың бөліктеріне немесе Токио маңындағы Кансай өңіріне сәйкес келетін болады, демек «жұмыс жүретін және нақты нарықтар гүлдене алатын өңірлер» бойынша анықталады.

Қ.Омаз бұл аймақтарды «өңірлік мемлекеттер» деп атайды. Олар бүтіндей ұлттық мемлекеттердің ішінде немесе олардың шекараларынан тыс бола алады да, автордың сөзімен айтар болсақ, «шекарасыз әлемдегі» табиғи экономикалық аймақтар болып табылады. Мұндай «өңірлік мемлекеттерге» зерттеуші Солтүстік Италияны, Баден-Вюртембергті (немесе Жоғарғы Рейн), Силикон үстірті және Калифорниядағы Шығанақ аймағын, үшбұрышты Сингапур - Джохор (Малайзияның оңтүстік штаты) және Индонезияның көршілес аралдарын, Пусан қаласын (Корей түбегінің оңтүстік шеті), Токио мен оның маңайындағы аудандарды қоса алғандағы өңірді жатқызады.

Бұл өңірлер, жағрафиялық өлшемдермен шектелгенімен, экономикалық ықпалы өте зор, олардың басты факторы тұрғындары емес, жаһандық экономикаға сәтті қатысуына қажетті ингредиенттерінің болуы. Автордың пікірінше, олар дамудың қуатты қозғалтқыштары болып табылады, өйткені олардың алғашқы бағдары - жаһандық экономика.

«Өңірлік мемлекеттерді» жаһандық экономиканың қақпасы дей келе, автор, бұл құрылымдардағы тығыз байланыстар өмір сапасының нақты және шынайы жақсаруына әкеледі, сондай-ақ тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін өсіп келе жатқан дәйекті нарықтарды құрайды. Оның ойынша «Өңірлік мемлекеттердің» пайда болуы корпорациялар іс-қимылының жаһандық логикасын терең өзгертеді.

Қырғи қабақ соғыстың аяқталуына байланысты жаһандық дамудың парадигмаларындағы терең өзгерістер ХХІ ғасырдың қарсаңында әлемнің болашақ құрылысы және қақтығыстардан кейінгі кезеңдегі халықаралық қатынастардың барысы жайында кең пікірталастарды туғызды. ХХ ғасырдың соңындағы зияткерлік пікір сайыстарға америкалық ғалым Френсис Фукуяма айрықша ықпал етті. Ол коммунизм мен батыстық либерал демократияның жарты ғасырға созылған қақтығысының аяқталуын «тарихтың ақыры» деп жариялады. Осы атаумен 1989 жылы жарияланған өзінің алғашқы мақаласында, және одан кейінгі еңбектерінде Ф.Фукуяма коммунистік жүйенің күйреуіне орай нарықтық қатынастар демократиясының жеңісі адамды Жаратылыстың ең ортасына қойған тарихтың аяқталғанын, адамдардың басқаруындағы соңғы нысанды білдіреді деген тұжырым жасады.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі оқиғадан соң Гарвард университетінің профессоры Сэмюэл Хантингтонның «өркениеттер қақтығысы» туралы тұжырымы дау-дамайды ушықтыра түсті. Ол 1993 жылы халықаралық қатынастар жаһандану кезеңінде әдеттегідей бай елдер мен кедей елдердің арасында, социалистік және капиталистік, Оңтүстік және Солтүстік мемлекеттер арасында деп бөлінбейтін болады, алайда мәдени парадигмаға бағынады деген ұғымды енгізді. Сондықтан, бұдан былай жаһандық саясаттың негізгі шектерін адамдарды олардың тілі, мәдениеті, діні және дәстүрлері бойынша біріктірген өркениеттердің бірнеше топтары анықтайтын болады. Оның пікірінше, қытай, үнді, ислам, славян-православие, батыс, жапон, латын америкасы және африка қоғамдастығы барынша кең тараған мәдени ауқымдарды құрай отырып, діни және тарихи шығу тегі халықаралық қатынастардың орталық факторына айналған осынау әлемдегі жанжал мен шиеленістің пайда болу көздерін анықтауға қызмет етеді. Хантингтонның тезисі Фукуяманың қорытынды түсіндірмелерімен қайшылықты болып келіп, әлемдегі түйісу нүктелерін емес, айырмашылықтарды көрсетуді көздейді.

Гарвардтың тағы бір белгілі ғалымы Стэнли Хоффман әлемде «жаһанданудың қақтығысы» жүріп жатыр деп пайымдайды, өйткені жаһандану, оның пікірінше, әрқайсысының өз проблемасы бар бар үш нысаннан тұрады. Бірінші — бұл экономикалық жаһандану, ол технологиялар, ақпарат, сауда, шетелдік инвестициялар және халықаралық бизнестегі революцияның жемісі болып табылады. Оның басты ойыншылары компаниялар, инвесторлар, банктер, жеке сектор, сондай-ақ мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар болып табылады. Компаниялардың мамандануы мен интеграциялануы ортақ байлықты арттыруға мүмкіндік берді, алайда таза капитализмнің логикасы әлеуметтік әділдік үшін қолайлы емес. Сондықтан экономикалық жаһандану мемлекеттер арасындағы және олардың ішіндегі теңсіздіктің ықтимал себепкері болып, жаһандық бәсекелестікке және мемлекеттер мен бұл процеске басқа да қатысушылардың осы проблеманы шешуіне байланысты аландаушылық пен торығуды туғызады.

Келесісі - мәдени жаһандану. Ол технологиялық революция және экономикалық жаһанданудан туындайды, олармен бірге мәдени тауарлардың қозғалысына ықпал етеді. Мұнда униформалану (немесе, жиі айтылатындай, «америкалану») мен әртүрлілік арасында негізгі таңдау тұр, оның нәтижесі жергілікті салттар және тілдердің қайта өркендеуінен көрінетін біркелкілікке қарсы реакция болып табылады.

Бұның астарында аталған екі нысаннан тұратын саяси жаһандану бар. Ол Құрама Штаттардың және олардың саяси институттарының басымдығымен, сондай-ақ халықаралық және өңірлік ұйымдар, үкіметтік емес байланыстар жүйесімен сипатталады. Сонымен бірге, бұл ұйымдардың көпшілігінде, автордың айтуынша, демократиялық жауапкершіліктің, билік пен беделдің аздығы білінеді.

Жаһанданудың артықшылықтары даусыз,- деп санайды С.Хоффман, бұның дәлелі ретінде ол кері шегінудің болмайтындығын және бұлтартпастығын атайды. Сонымен бірге оған қол жеткізу шектеулі болып қалып отыр, өйткені ол көптеген кедей елдерді экономикалық дамудың және әлеуметтік жағдайлардың біркелкі болмағандығынан, мүмкіндіктен айырады. Азаматтық қоғам, автордың пікірінше, эмбрионалды күйде қалуда, ал адамдардың жағдайын кедергілерді жою арқылы жақсарту идеясы күмәнді болып табылады.

Жаһанданудың халықаралық саясатқа ықпалының көптеген факторларының арасынан автор барынша маңызды үш факторды бөліп қарайды. Біріншісі, институттарға қатысты. Көптеген мемлекеттер өздерінің егемендігінің әлсізденуіне әкелетін жаһанданудың талаптарын құлықсыз қабылдайды. Сондықтан БҰҰ билігі де шектеулі, әрі көп жағдайда теориялық болып табылады. Мемлекеттер жаһанданудың немесе «гуманитарлық интервенция», сондай-ақ лаңкестікпен күрес оқиғаларының соққысын көбірек сезінген сайын, өздерінде бардан айырылып қалмауға ұмтыла түседі, сондықтан жаһандық мемлекетке қарай қозғалыс шындықтан алыс жатыр.

Екіншіден, жаһандану азаматтықтың ұлттық табиғатын жоққа шығармайды. Экономикалық өмір жаһандық масштабта жүріп жатыр, алайда адамдардың белгілі бір ұлтқа жатуы сақталуда -осыдан мәдени гомогенизацияның күшті қарсылығы туындайды.

Бүгінгі әлем технологиялар саласында біріккенімен, ұжымдық сана немесе ұжымдық ынтымақтастыққа жеткен жоқ.

Үшіншіден, жаһандану, әртүрлі кедергілерді азайта отырып, жанжалдар мен терроризмнің таралуына қолайлылық туғызады.

Француздың белгілі саясаттанушысы Тьерри де Монбриаль жаһандануға «қандай да бір нысандардың белсенді бірігуі өз мақсаттары мен іс-қимылдар театрының стратегиясын (немесе әлеуметтік мағынадағы кеңістікті) жасау үрдісіне ие болып, жағрафиялық тұрғыдан уақыт өткен сайын кеңі түсетін құбылыс» деген анықтама берді. Оның пікірінше, жаһандану - бұл екінші мыңжылдықтың келгенін барынша сәтті бейнелейтін сөз. Жаһандану тұжырымының таңдауы — өзара байланыстар тұжырымына қарағанда, бұл құбылыс XX ғасырдың 20 жылы бойында жеткілікті дәрежеде бұрынғы өзара байланыстардан халықаралық жүйенің прогрессивті өзгеруі үшін көбірек қызмет етті.

Ғылыми-техникалық революцияның күрт дамуына орай өткен жүз жылдықтың 60-жылдарының аяғында басталған жаһандық экономиканың жаһандану процесі жаһандық қаржы жүйесінің жасалуына, еңбектің халықаралық бөлінісіне, халықаралық сауданың өскелең нарықтануына алып келді. Азиядағы 1997 жылғы қаржы дағдарысы дүниежүзілік қоғамдастықты мұндай дағдарысты болдырмау үшін және оны болашақта тиімді басқарып отыру мақсатымен жаһандық қаржы сәулетін құруға итермеледі.

Бүгін әлемдегі дамыған елдерде ақпараттық-технологиялық революцияның жетістіктеріне негізделген «жаңа экономиканы» («new economy») құру тезисі беки түсуде.

«Ғылымға сүйенетін экономика» («knowledge-driven economy») ұғымы К.Омаэнің еңбектерінде кездеседі. «Ғылымға сүйенетін экономика» термині қоғамда байлықты молайтудың маңызды көзі ретінде ғылымның маңыздылығын арттыруға тікелей қатысты. Егер бұрын байлық жерге немесе капиталға ие болуға негізделсе, жаһандық нарықтың пайда болуымен ғылымның бәсекелестік артықшылығы барынша мәнді бола түсті.

Өмірдің өзі қуаттап отырғанындай, жаһанданудың жағымды жақтарымен қатар, теріс жақтары да бар екендігі туралы ортақ пікір қалыптасты. Оның пайдалы жақтарына жаһандық дамуға жаңа мүмкіндіктер беретіндей елдердің өзара беки түскен байланысын, экономикалық өсуді ынталандыруды, ғылыми-техникалық және зияткерлік саладағы озық жетістіктермен алмасу көлемінің артуы мен жеделдеуін атауға болады.

Сонымен бірге жаһандану стратегиялық сипаты көптеген проблемаларды туғызады, олардың ең бастысы игіліктердің тең емес бөлінуі және ол туғызатын теңсіздік.

Өзінің «Джордж Сорос жаһандану туралы» дейтін еңбегінде атақты қаржыгер және филантроп жаһанданудың жағымды жақтарымен бірге оның теріс сипаттарын да бөліп көрсетеді. Біріншіден, деп жазады ол, көптеген адамдар, әсіресе аз дамыған елдерде әлеуметтік қолдау жүйесінің қорғауынсыз жаһанданудың екпініне тап болды; басқа біразы жаһандық нарықтың күшімен маргиналдануға ұшырады. Екіншіден, жаһандану жеке және қоғамдық игіліктер арасындағы жөнсіз бөліністің себебі болды, соңғысына ол бейбітшілікті сақтауды, кедейшілікті азайтуды, қоршаған ортаны қорғауды, еңбек етудің жағдайы мен адам құқығын жатқызады. Нарықтар байлықты жасауға қолайлы, алайда олар басқа әлеуметтік қажеттіліктерге қамқорлық жасауды көздемейді. Үшіншіден, жаһандық қаржы нарықтары дағдарыстарға бейім. Барлық осы факторлар өте дұрыс емес құқықтық кеңістік туғызады.

Саяси процестер, деп атап көрсетеді автор, нарықтық тетіктерге қарағанда тиімділігі мардымсыз, алайда біз оларсыз ештеңе істей алмаймыз. Нарықтар табиғатынан аморальды: олар адамдарға өз мүдделеріне сәйкес әрекеттенуге мүмкіндік жасайды да, бұл мүдделер қалай көрінуі қажеттігі туралы белгілі-бір ережелерді қалыптастырады, бірақ та осы мүдделердің өзіне қатысты ешқандай моральдық сотты атқармайды; бұл олардың осыншалық тиімділігінің бір себебі. Нені істеуге болады, нені болмайтындығына байланысты ұжымдық шешім қабылдау міндеті саясатшыларға қалдырылған. Тіпті нарықтарды құру мен қолдау да саяси іс-қимылдарды талап етеді. Бұл көзқарасты нарық фундаменталистері жақсы түсінеді. Алайда, олар нарықтардың жаһандануы халықаралық саяси және әлеуметтік келісімдерді тиісті нығайтусыз, барынша әлеуметтік теңдіксіз дамуға алып келгендігін мойындамауға құлықты. Жаһандық капиталистік жүйені сынай отырып, Сорос нарықтардың экспансиясына қажетті қосымша ретінде «ашық қоғам» орнатуға шақырады.

Америкалық экономист, экономика саласындағы 2001 жылғы Нобель сыйлығының иегері Джозеф Стиглиц өзінің «Globalization and its Discontents» атты еңбегінде жаһандану игілікке бағытталған күш болуы мүмкін: демократия және азаматтық қоғам туралы идеялардың жаһандануы көптеген адамдардың ой-санасын өзгертті, жаһандану миллиондаған адамдарға өмірдің жоғарғы қалыптарына қол жеткізуге көмектесті. Экономиканың жаһандануы өзінің экспортына жаңа нарықтар іздеп жүрген және шетелдік инвестицияларды тартуды көздеген елдерге біршама артықшылықтар берді.

Алайда, миллиондаған адамдарға бұл күш әсер етпейді, керісінше, көпшілігіне бұрынғыдан да нашар бола түсті, өйткені олар өз жұмыстарынан айрылды, әрі өмірлерінің қауіпсіздігі кеми түсті. Сонымен бірге, жақында жарық көрген «Жаһандануды қорғауға жұмылайық» («In Defence of Globalization») атты кітабында белгілі экономист, Колумбия университетінің профессоры Дж. Бхагвати былай деп тұжырымдайды: біріншіден, экономика саласындағы жаһандану айтарлықтай жағымды фактор болып табылады, бұған әлемнің кедей елдері зәру, екіншіден, ол өзінде жоқ болғандықтан «адамдық келбетті» қажетсінбейді.

Аргумент ретінде автор Үндістанды мысалға келтіреді, соңғы екі онжылдықта ашық экономика және шетелдік инвестицияларды тарту жағдайында бұл ел кедейлікті 55 пайыздан 26 пайызға дейін төмендетті. Дж.Бхагвати жаһанданудың сынаушыларын екі санатқа бөледі: біріншісіне ол нарықтық капитализмнің бітіспес жауларын жатқызады, ал екіншісіне — дұрыс ойлайтын, бірақ та нашар хабардар адамдарды атайды, соңғыларына ол өз кітабын арнаған.

Біздің пікірімізше, жаһандану адамзат қоғамы дамуының қазіргі кезеңімен орайласатын және әрбір тарихи процеске тән жағымды да жағымсыз аспектілері мен ерекшеліктері бар объективті процесс болып табылады. Бұл процестен сырт қалу қаншалықты мүмкін болмаса, оған қарсы күресу де соншалық мүмкін емес. Алайда, осы процестің барлық құрамдас бөліктерін терең оқып, зерттеу, оның жағымсыз жақтарын ғылым мен күш-жігерді біріктіру жолымен жеңілдету әрі айқын, әрі барынша қажет.

Жаһандану нәтижесінде халықаралық қатынастарда, экономика және қауіпсіздік саласында мемлекеттердің өзара тәуелділігі арта түсетіндіктен, халықаралық аренада мемлекеттер басымдығын өзгертуге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге халықаралық тұрлаулылықтың ықпалы күшеюіне әкеледі.

Қазіргі қалыптасқан жаһандық тәртіптің түп тамырлы негіздерін қозғайтын жаһандану өзінің болмысымен халықаралық қатынастардың жаңа сұрақтары — «шектелген егемендік» тұжырымдамасы, гуманитарлы себептермен қол сұғушылық немесе «гуманитарлық интервенция», мемлекеттің қауіпсіздігінен жеке адам қауіпсіздігінің жоғары тұруы тәрізді мәселелерді көтереді. Жаһанданудың объективті сипаты, оның біріктіргіштік логикасы және одан туындайтын жаңа тегеурінді талаптар жаһандық саясаттың және халықаралық ұйымдардың, ең адымен Біріккен Ұлттар Ұйымының күн тәртібіне түбегейлі өзгерістер әкелері кәміл.

Антиглобализм - XX ғ. соңында пайда болған, "төменнен" азаматтар мүддесіне сай қимылдайтын әлеуметтік-саяси қозғалыс. Антиглобализмнің жақтастары, әдетте, бұл атауды бірегейлену мақсатында қолданбайды (немесе тырнақшаның ішінде қолданады), өйткені қозғалыс ықпалдасу процестеріне қарсы тұруды емес, қазіргі үстемдік етіп отырған жаһанданудың либералды капиталистік түрін өзгертуге талпынады. Қозғалыстың негізгі мақсаты демократияға, әлеуметтік теңдікке, өзіндікті сыйлауға және ұлттық- мәдени құрылымдардың өзіндік ерекшелігіне негізделген экономикалардың, халықтардың, мәдениеттердің ықпалдасуы процесінің дамуы. Антиглобализм әртүрлі әлеуметтік топ және жік өкілдерін біріктіреді - жұмыссыздардан жоғарғы тап өкілдеріне дейін.

Антиглобализм бұрынғы әлеуметтік қозғалыстармен, әсіресе, кәсіподақтық, солшыл партиялармен тығыз байланыста. Осылайша, антиглобалистер қозғалысын биліктің аса маңызды тетіктері бағындырылатын ғаламдық билік механизміне қарсы қозғалыс ретінде қарастыруға болады: жаппай қырып-жою қаруларын бақылайтын әлемде теңдесі жоқ әскери-саяси машиналар, бұқаралық ақпарат құралдары, негізгі халықаралық саяси институттар. Биліктің бұл тетігі жаһандану субъектілері біртұтас күшке (іштей қарама-қайшылықты) айналдыратын ойын ережелерін жасайды. Бұл ғаламдық номенклатура бәрін демократия деген желеумен жаһандық саясат пен экономиканың негізгі шешімдерін анықтайды. Нарықтық фундаментализм ақшаны қоғам өмірінің шешуші факторына айналдырады, адам өмірі мен адамды адамгершілік құндылықтарынан айырып, жабайы қалыпқа түсіреді. Негізгі әлеуметтік қайшылықтар бір

жағынан күшті халықаралық капитал, екінші жағынан - жалданбалы жұмысшы күші, соңғысы кәсіподақ түріндегі (мафиоздық құрылымдар жайлап алған) әлеуметтік қорғаудан және жерді, капиталды, еңбекті қорғауда рөлі күрт төмендеген мемлекеттен айырылды.

Деңгейлік тапсырмалар:

- 1- деңгейдің сұрақтары.** Жаһанданудың адамзат тарихындағы алғашқы көріністеріне мысал келтіріңіздер.
- 2- деңгейдің сұрақтары.** Жаһанданудың салдарларына сараптама жасаңыздар.
- 3- деңгейдің сұрақтары.** Қазақстан Республикасы және жаһандану үрдістері деген тақырыпта пікір-талас өткізіңіздер.

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатқа қатысты көзқарастар және жаһандану мәселерімен айналысып жүрген бірқатар ғалымдардың еңбектерін жіктеңіздер.

ОБӨЖ тапсырмалары: Жаһанданудың салдарларына сараптама жасаңыздар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). Uluslararası ilişkiler Tarihi, Çev. G. Üstün, İstanbul: İletişim Yayınlar